

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша
білім беру орталығы «Қылқалам шеберлері» сурет үйірмесінің
жетекшісі Мажиханов Нұрланның 2024-2025 оқу жылындағы
үшінші тоқсандық анықтама есебі**

«Қылқалам шеберлері» сурет үйірме мүшелері үшінші тоқсан барысында да жоспар бойынша оку- тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Оқушылар «Композиция», «Сәндік қолданбалы өнер», «Мұсін өнері» тарауларымен танысты. Композиция тарауы бойынша – «Тақтай немесе кеспелтек ағаш бетіне сәндік панно жасау», «Ертегі мазмұнына иллюстрация жасау», «Абайдың шығармаларына иллюстрация жасау», «Сүйікті кейіпкерлерді бейнелеу» тақырыптарымен, «Сәндік қолданбалы өнер» тарауында – «Сәндік қолданбалы өнер», «Түрлі-түсті қағаздар, қатырма қағаз, табиги материалдармен жұмыс», «Аппликация, қағазбен жұмыс», «Ұлттық киім ұлгілері» тақырыптарымен, «Мұсін өнері» тарауында – «Мұсін өнері. Мұсін өнерінің түрлері», «Ертегі кейіпкерлерін мұсіндейміз», «Жануарларды мұсіндейміз» тақырыптарымен танысты және практикалық жұмыстар жүргізді, үйренді. Сонымен қатар тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді.

Атай кетсек, қыскы демалыс күнгі іс-шаралар жоспарына сәйкес 5 қаңтар күні үйірме мүшелерінің жұмыстарынан «Ұлттық өнер» шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Қосымша білім беру орталығының оқу-тәрбие жоспарына сай 31 қаңтар күні өткізілген «Біз – сыйбайлар жемқорлыққа қарсымыз!» қауіпсіздік сабағына, 14 ақпан күні «Шын жүрекten кітап сыйла» челленджіне, 1 Наурыз Алғыс айту күніне орай ата-аналар мен ұжымдастарға ұйымдастырылған қосымша білім беру орталығының Ашық есік күніне өз шығармашылық жұмыстарын көрсетіп, жоғары деңгейде атсалысты.

16 қаңтар күні мектепішлік ұйымдастырылған «Біз-сыйбайлар жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбындағы сурет байқауында 5 «Б» сынып оқушысы, үйірме мүшесі Мұратбек Хамида II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Көктемгі демалыс күндеріне арналған іс-шарада 27 наурыз күні үйірме мүшелері арасында «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды және 28 наурыз күні «Таза аула» көркейту, көгалдандыру шараларына белсене атсалысты.

«Қылқалам шеберлері» сурет үйірме жетекшісі:  **Мажиханов Н.**